

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№25
(895)

Бейсенбі, 25 маусым 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Мереке меземі

Отанға қызмет-басты міндет

23 маусым күні елімізде мемлекеттік қызметшілер мен қазақстандық полициялардың кәсіби мерекелері аталып өтеді. Осы екі санаттағы қызметшілерге жүктелген бірыңғай және жалпы міндеттер, кей кездері бірдей кәсіби қасиеттерді талап ететін еңбектері Отанымыздың игілігі үшін, халықтың әл-ауқатын нығайту жолында екенін атап өтпей болмайды.

Осы күні аудандық әкімдіктің үлкен залында кәсіби мерекелерге арналған салтанатты шара болып өтті. Мемлекеттік Әнұран орындалғаннан кейін аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров залға жиналғандарды төл мерекелерімен құттықтап, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен мемлекетті қалыптастыру бағытында ауқымды істер атқарылып, әлеуметтік-экономикалық жағдайымыздың оң даму жолына түскендігін, осындай жетістіктерге жету жолында мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерінің сүбелі еңбектерінің аз еместігін атап өтті.

Ағзам Ахметжанұлы өз сөзінде,

«Аймағымыздың тиімді дамуы сіздердің шеберліктеріңізге, тәжірибелеріңізге, ынталарыңызға байланысты. Сіздердің арқаларыңызға айыртаулықтардың болашағы мен олардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды орындаудағы жауапкершілік жүктелген, - деді.

Мемлекеттік қызметтің қалыптасуына қосқан зор үлесі үшін және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметші күніне байланысты Елецкий ауылдық округінің әкімі Серік Қасенов аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, Украин ауылдық округі әкімі аппаратының жерге орналастырушы бас маманы Әділ Жақыпов, Антоновка ауылдық округі әкімі аппаратының салық агенті Светлана Қасенова, Лобанов ауылдық округі әкімі аппаратының іс қағаздарын жүргізу жөніндегі бас маманы Наталья Мартынова, мемлекеттік қызмет ардагерлері Валентина Косарева, Альфия Галиаскарова, Махметовтар мен Шеймерденовтардың жанұялық әулеттері аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Полицияда қызмет істеу – маңызды, әрі жауапкершілігі мол жұмыс. Қазақстандық полиция өзінің құрылған күнінен бастап ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша алға қойған міндеттерін табысты жүзеге асырып келеді.

Салтанатты шара барысында қызметтік міндеттерін адал атқарғаны, жеке тәртібі және жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін, сондай-ақ Қазақстан полициясы күнін мерекелеуге байланысты АІІБ бастығының орынбасары Бейбіт Төлегенов, кезекші бөлімнің аға инспекторы Арман Сүлейменов, 2-арнайы топтың аға инспекторы Виталий Проскуровский аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, қылмыстық полиция бөлімшесінің аға жедел уәкілі Олжас Ильяшев, учаскелік инспектор Арман Нығметов, кезекшінің көмекшісі Манас Мәжіғұлов, айдауыл қызметінің айдауылы Абзал Баймағамбетов аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мерекелік шара аудандық Мәдениет үйінің әртістерімен дайындалған шағын концертке ұласты.

Жанат ТҮГЕЛБАЙ.

Көркейту

Біршама жұмыстар атқарылды

Тазалық бар жерде, тәртіп бар. Ал тәртіп бар жерде халық үшін жасалған дүниенің бәрінің бет-бейнесі бұзылмаған қалпында көруге болады. Бұл кез-келген елдің мәдениетінің деңгейің, затқа деген құрметін көрсетуге қатар, жасаушының еңбегін бағалау болып табылады.

Қазір ауданымызда аудан әкімінің қаулысымен тазалық пен көркейтудің ұшайлығы жүріп жатыр.



Осы мақсатта өткен аптада аудан басшысының тікелей тапсырмасымен аудан орталығы Саумалкөл ауылындағы бірқатар сауда орындары мен жанар-жағармай станцияларын аралаған болатынбыз. Негізінен бірқатар нысандар маңайларын тазартып, гүлдер отырғызған. Алайда, жекелеген кәсіпкерлер өздерінің дүкендерінің маңайларын жеңіл-желпі тазалаған болған, тіпті ешқандай гүлдер де отырғызылмаған. Оларға кемшіліктерді жою жөнінде ескертулер жасалды.

Ауылдық округтер арасында Сырымбет ауылдық округіндегі көркейту жұмыстары көңілге қуаныш ұялатады. Ауыл әкімдігі ғимаратының алды тап-таза, гүлзарлардағы гүлдер көздің жауын алады. Шоқан Уәлиханов ескерткішінің, мұражайдың, Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың ескерткішінің, әкімшілік ғимараттардың маңайы талапқа сай көркейтіліп, көгалдандырылған.

Алтын адамның ескерткіші орнатылған орталық алаң да ауыл тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналған.

Жанат КӨШЕЙ,
Суретті түсірген автор.

Туризм

ДАМЫТУҒА МҮМКІНДІК МОЛ

Аймағымыздың әсем де көрікті өңірі Айыртау ауданының жер бедері төбелі жазықтарымен, өзен-көл шұңқырларымен, орманды дала және дала өсімдіктерінің әр түрлілігімен ерекшеленеді. Суы шипалы Имантау, Шалқар көлдері, олардың жағасындағы демалыс орындары, әр тасы тарихқа тұнған Сырымбет қонысы, мұның бәрі бір көрсеп деп армандауға тұрарлық нысандар.



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елімізде туризм саласын дамыту жөнінде берген тапсырмасына орай Солтүстік Қазақстан облысының төңірегінде туризмді дамыту мәселелері талқыланып, арнайы бағдарламалар да қабылдануда. Соның ішінде облыс көлемінде табиғатымен ерекшеленетін біздің ауданымызда туризмді дамыту баса назарға алынып отыр.

Өткен жұма күні Арықбалық ауылының Мәдениет үйінде Солтүстік Қазақстан облысында туризмді дамыту жөнінде облыстық кеңес болып өтті. Аталмыш шараға облыс әкімінің орынбасары Ерлан Әукенов, Айыртау ауданының әкімі Ағзам Тастеміров, облыстық және аудандық мекемелердің басшылары қатысты.

Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Айдын Керімбек өңірімізде туризмді дамытудың шебер-жоспарын жүзеге асыру барысы жайлы баяндап берді. Атқарылған істер көңіл көншітерлік, алайда шешімін таппаған мәселелер де жетерлік. Ерлан Мұратұлы кемшіліктерді жою жөнінде тиісті органдардың басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Өз кезегінде сөз алған Айыртау ауданының әкімі Ағзам Тастеміров өңіріміздегі туризмнің даму мәселелеріне тоқталып өтті.

Ауданымызда бүгінгі таңда 33 туризм нысаны жұмыс істейді, соның ішінде 3-уі балаларды сауықтыру орталықтары және «Көкшетау» МҰТБ қарауында 7 демалыс орталығы. Ішкі туризмді дамыту үшін Ұлттық табиғи бақпен Имантау, Шалқар табиғи аумақтары, «Қарасай-Ағынтай батырлардың» мемориалдық кешені, Ботай қонысының қазбалары және Ш. Уәлиханов мұражайлары бойынша 12 экскурсиялық бағдарлама әзірленіп, жұмыс істеуде.

Бұқаралық ақпарат құралдарын тартудың, халықаралық тележобаларға қатысудың арқасында

соңғы жылдары Айыртау ауданындағы туризм қазақтандықтарды ғана емес, шетел азаматтарын да қызықтыра бастады. 2014 жылы СТВ телеарнасындағы «Беймәлім Қазақстан» бағдарламасының авторы және продюсері Олег Парамонов өңіріміздің сұлу табиғатына қызығушылық танытып, біздің өлке жайлы фильм түсірді. Сондай-ақ өткен жылы ауданымыздың аумағында «Бәйтерек»

реалити-шоуы бастау алып, оған индонезиялық және түркиялық саяхатшылар қатысқан болатын. Туризм саласында әріптестік орнату мақсатында Ресей Федерациясы Түмен облысының туристік фирмаларынан делегация болып қайтты. Үстіміздегі жылы Венгрия Және Біріккен Араб Әміраттары елдерінен делегациялар келіп, туризм саласында байланыс орнатуға қызығушылықтары белгіленді.

Ауданымыздың туристік әлеуеті кеңкөлемді республикалық және халықаралық жәрмеңкелерде ұсынылып, туризм саласында қол жеткізген жетістіктеріміз бен орын алған кемшіліктеріміз сарапқа салынды. кемшіліктеріміздің ішіндегі

ең бастысы – жол мәселесі. Аталмыш кеңесте бұл мәселе егжей-тегжейлі айтылды.

Туризм маусымының ашылуы одан әрі Имантау көлінің жағалауында орналасқан «Солнечный ВИП» демалыс аймағының базасында жалғасты.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ерлан Әукенов демалыс аймағындағы үйлермен, пантамен емдеу мекемесінің жұмыстарымен танысты. «Астана транс строй» ЖШС бас директорының орынбасары Дмитрий Паморцев: «Осыдан жеті жыл бұрын біз Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданына келдік, өйткені мұндағы табиғат өте тамаша, суы тұнық Имантау көлі бар. Туризмді танытуға мүмкіндік мол. Біз туристердің демалуы үшін 20 шағын үй салдық, тағы осыншама үй салынып жатыр. Бүгінде инвестициялар 300 млн. теңгеден асты. Пантамен емдеу орнында марал мүйізінің қаны пайдаланылады», - деді.

Содан кейін Ерлан Мұратұлы туристік маусымның ашылуымен құттықтаған соң барша қауым жағалай тігілген киіз үйлерден бой көтерген шағын ауылдағы туризм саласын дамытудағы аудандардың көрмелерін тамашалады. Көрермендер назарына «Қыз қуу», «Аударыспақ» сияқты ұлттық ойындар ұсынылып, балуандар күресінен көріністер көрсетілді. Салтанатты шараның соңы көркемөнерпаздар ұжымының концертіне жалғасты.

Айыртау даласының көз тоймас бар өсемдігі, жап-жасыл тоғайлар, жағалай айдан көлдер, көк аспанмен тілдескен биік жартастар сөзбен жеткізе алмас рахатқа бөлейді. Бүгінгі таңда бұл жер барлық саяхатшылар қызыға қарайтын тамаша туристік аймаққа айналып отыр. Дегенмен, бұл маңды жер-жерден келетін меймандарды тарта алатын тамаша туристік аймаққа айналдыру үшін әлі қыруар іс тындыру қажет. Ең басты мәселе - жол.

Жанат СӘБИТОВ,
Суретті түсірген автор.

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

БАСПАСӨЗ-2015

Құрметті оқырман қауым!

Жыл бойы «Айыртау таңын» үзбей оқыған қалың қауыммен алдағы кезде де қайта қауышамыз деген ниеттеміз және қатарымыз бұрынғыдан да толығырақ түсегі деген үміттеміз. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары: ана тілімізгі, дініміз бен ділімізгі, салт-дәстүрлерімізгі насихаттаумен қатар, тәуелсіз Қазақ елінің, туған ауданымыздың жаңа ғасырдағы жаңаша даму тарихын оқырман назарына уақытында жеткізуге тырысатын, аудан тұрғындарын қуанғанда қолғап, қайғырғанда жұбатып, көңілдеріңіздің алаң күйін бөлісетін, жаңдарыңызға жақын, ақыл-ойға серік, өздеріңіздің төл газеттеріңіз – «Айыртау таңына» жазылуға шақырамыз!

Жазылу бағасы: Пошта арқылы: 1 жылға - 1980 тг., 6 айға – 990 тг., 3 айға – 495 тг.
Редакцияда: 1 жылға - 1800 тг., 6 айға – 900 тг., 3 айға – 450 тг.

Жас түлек - 2015

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Ақыл, қайрат, білімді зерделеріне тоқып, он бір жыл бойы білім нәрімен сусындап, үлкен білім ордасынан тағы да бір жас толқын үлкен өмірге қанат қақты. Бұлар – еліміздің көк Туын желбіретіп, Әнұранын асқақтатқан егемен еліміздің өртені мен келешегі. Бұлар – ел бірлігін ойлайтын, өз Отанын қорғайтын, өркениетін өрістететін, біздің ардақты аға буын өкілдерінің ісін өрі қарай жалғастыратын болашақ азаматтар. Бұл күн түлектердің жүрегінде ұмытылмайтын қалары сөзсіз.



Өткен аптада, маусым айының 18-ші жұлдызы күні «Нұр Отан» партиясы аумақтық филиалының мәжіліс залында аудан әкімі Ағзам Тастеміров былғы Ұлттық бірыңғай тестілеуде жүз және одан көп балл алып, жоғары көрсеткішке қол жеткізген түлектерді құттықтап, Алғыс хаттар мен сыйақылар табыс етті. Олар: «Алтын белгі» иегері Эльвина Каймульдина (№1 СОМ, 111 балл), Меруерт Сәден (Арықбалық ОМ, 107 балл), Гүлбахыт Көкжелеболатова (Бірлестік ОМ, 107 балл), Әкежан Алыпбаев (Кирилловка ОМ, 106 балл), Аңсағаным Нәбиева (Қаратал ОМ, 106 балл), Әлия Жетібаева (№1 СОМ, 104 балл), Райымбек Жуанышев (Заря ОМ, 103 балл), Алмас Шайғезов (Саумалкөл МГ, 101 балл), Сайран Айтмағамбетова (Бірлестік ОМ, 101 балл), Мәдина Өтеулина (Саумалкөл МГ, 100 балл).

Аудан басшысы түлектерді ерен табыстарымен құттықтай келе, Бұл түлектердің өмірге жолдама алуының алғашқы сатысы. Сіздер көшегі мектептегі балалық бал дәуреннің ұмытылмас кездеріне қош айтысып бара жатырсыздар, алда қызығы мен қиындығы мол белестер күтіп тұр. Қайтып келмес жастық шақтың әр сәтін бағалай біліп, еңбек пен оқуда алда, өмірде адал азамат болындар. Қалаған жоғары оқу орнына түсулеріңе тілектеспіз, - деп жүрежарды лебізін білдірді.

«Алтын белгі» иегері Эльвина Каймульдина мен Ұлттық бірыңғай тестілеуде үздік нәтижеге қол жеткізген Райымбек Жуанышевтар да мектеп бітіруші түлектер атынан барлық ұстаздар мен ата-аналарға алғыс айтып, олардың артқан сенімдерін ақтауға тырысатындықтарын жеткізді.

Ата-аналар атынан сөз сөйлеген Эльвинаның анасы Маргарита Мугалимова үздік түлектерді құттықтап, аудан басшылығы мен ұстаздар қауымына көрсетіп отырған қамқорлықтары үшін аналық ақ алғысын айтты.

Салтанатты жиынға аталмыш түлектер білім алған мектептердің директорлары олардың ата-аналары және ұстаздары қатысты.

Жанат КӨШЕЙ.

АЛТЫН ҰЯЛАРЫМЕН ҚОШТАСТЫ

20 маусымда Саумалкөл қазақ орта мектебінің бітіруші түлектері үшін соңғы қоштасу кеші өтті.

Салтанатты жиынды жүргізушілер бастап, ортаға 46 мектеп бітіруші түлектерді шақырды. Жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнімен ашылды. Алғашқы құттықтау сөзді аудандық білім бөлімінің бас маманы Зура Қалдырбаева алып, түлектерді құттықтады. Соңынан сөз кезегі мектеп директоры Олжабаева Мәңдігүлге берілді. Ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғарғы балл жинаған Найзабек Ақтоты,



Дүйсембекова Алмира, Қайырлы Зарина, Мәңдібаева Аяжан, Ләззаттар ортаға шақырылды.

Құттықтау сөздерден кейін бұйрық оқылып, көмелеттік аттестатты табыс ету рәсімі басталды. Түлектерді сынып жетекшілері, алғашқы ұстаздары, ата-аналары құттықтады. Кеш соңы мектеп бітіруші түлектердің мектепке арналған әнімен және мектеп баласымен аяқталды.

Кештегі 46 түлектің әрқайсысының арқалаған арманы бар екені айтпаса да белгілі. Қалаған мамандық иесі атану, ата-ана үмітін ақтау, еліне адал қызмет ету - олардың алдағы мақсаты.

Ерекше бір толғанысты ерке көңілмен жадыраған жас түлектердің өмірдегі жолы болсын деп тілер едік осы сәтте. Ия, жолдарың болсын! Тәуелсіз Қазақстанның арлы да намысты, табысты азаматтары болуға жазсын.

Осындай көңіл толқытарлық кештер ауданымыздың барлық мектептерінде болып өтті.

Әйгерім ОМАРОВА,
Суретті түсірген автор.

Мереке мезеті

САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АТАЛЫП ӨТТІ

Әлемде бірнеше ардақты да құрметті мамандықтар бар. Соның бірі – дәрігерлер. Оларды «ақ халатты абзал жандар, адам жанының арашасы» - деп жатамыз.

Адам атаулы үшін ең ардақты нәрсе денсаулық болса, одан кейінгі тәңіріндей табынары – дәрігерлер екені даусыз. Содан да болар дәрігерлердің атаулы мерекесін жаппай ел болып атап өтеді.

Өткен бейсенбіде, маусымның 18-күні аудандық орталық ауруханада осы бір мамандық иелерінің мерекесін салтанатты түрде аталып өтті.

Орталық аудандық аурухананың алды мерекеге сай безендірілген. Жиналғандардың жүзінен мерекелік леп сезіледі. Ақ халатты абзал жандарды төл мерекелерімен құттықтауға арнайы келген аудан әкімі, «Нұр Отан» партия-



сы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров, ең алдымен, Антоновка, Карасевка, Кирилловка дәрігерлік амбулаторияларына, алғашқы медициналық-санитарлық көмек бөлімшесіне және орталық ауруханаға жеңіл жәрдем машиналарының кілттерін салтанатты түрде табыс етті. Кілттерді тапсыру рәсімі аяқталған соң мерекелік шара аудандық аурухананың конференц залында жалғасты.

Залға жиналғандарды мейрамдарымен құттықтаған аудан басшысы бірқатар медицина қызметкерлерін марапаттады.

–Осы күні еңбектеріңізге деген адалдықтыңызы үшін, адамдарға деген сүйіспеншіліктеріңіз бен олардың денсаулықтарына деген қамқорлықтарыңыз үшін шексіз алғысымды білдіремін. Біздің әрқайсымыз өмірде жақын туғандарымыздың өмірі мен денсаулығынан артық ештеңе жоқ екенін түсінеміз. Дәл осы баға жетпес құндылықты сақтауға негізделетін аса жоғары жауапкершілік сіздерге жүктеледі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің жыл сайынғы Жолдауларында денсаулық сақтау саласын қолдау мен оның дамуына, денсаулық сақтау нысандарының материалдық-техникалық базаларын нығайтуына, медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударады.

Бүгінгі таңда әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылу жоспары аясында отандық денсаулық сақтау

жүйесі көптеген міндеттерді атқарып, тұрғындарымызға медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын, халықтың өмір сүру ұзақтығы арттыру мәселесі сияқты басты мақсаттарды бағындыра алды.

Мен сіздердің өмірлеріңізге тек жақсылық, шуақты күндер мен қуанышты сәттер тілеймін. Сіздердің жақсылыққа деген сенімдеріңіз артып, кәсіби парыз бен өз мамандықтарыңыз үшін мақтаныш сезімі әрдайым алға жетелесің – деген Ағзам Ахметжанұлы денсаулық сақтау саласында қалтқысыз еңбектері мен жоғары табыстарға қол жеткізгендері үшін және Медициналық қызметкер күнін атап өтуге байланысты Нижний Борлық дәрігерлік амбулаториясының фельдшері Әлия Біләлова, Имантау дәрігерлік амбулаториясының медбикесі Ольга Вурц, қарау кабинетінің акушері Татьяна Кошевая, Заря медпунктінің санитары Валентина Иорих, дәрігер-нарколог Ботағез Фабдуллина, учаскелік дәрігер терапевт Татьяна Евтиналарды облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапаттаса, дәрігер терапевт Раушан Шәкішева, дәрігер уролог Таңат Хожамұрат, медбике эндокринолог Ирина Устенко, жедел жәрдем жүргізуші Александр Жупиков, жылу техникі Иван Наймандарға аудан әкімінің Құрмет грамоталарын табыс етті. Аудан басшысы сондай-ақ мереке құрметіне орай аудандық ауруханаға проекторды сыйға тартты.

Төл мереке иелерін құттықтаған орталық аудандық аурухананың бас дәрігері Саят Молдахме-

тов медицина саласындағы озық еңбектері үшін Арықбалық дәрігерлік амбулаториясының балалар дәрігері Лариса Гартунг, материалдық үстелдің есепшісі Әлия Жұманова, емдеу кабинетінің медбикесі Көгаршын Шакибаева, Петропавловка медпунктінің фельдшері Светлана Грасько, реанимация бөлімшесінің медбикесі Гүлнар Капарова, сантехник Александр Усатый, Айыртау ФАП-нің жүргізуші Владимир Дугарьді грамоталармен марапаттаса, «Өз мамандығының үздігі» номинациясы бойынша аспаз Надежда Сорокина, акушер-гинеколог Анжела Баньковская, жедел жәрдем фельдшері Светлана Пьянова, күндізгі бөлімнің медбикесі Ақмарал Бектенова, терапия бөлімінің санитары Рысжан Аюповаларға бағалы сыйлықтар табыстады. Осы күні медицина саласының ардагерлері де назардан тыс қалмады, олар аудандық аурухананың көсіподақ ұйымы тарапынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мерекелік шара аудандық Мәдениет үйінің өртістерімен дайындалған концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.

Келесі күні облыс орталығы Қызылжар қаласында өткен мерекелік салтанатта облыс әкімі Ерік Сұлтанов дәрігер эндокринолог Гүлім Құсайыноваға «Денсаулық сақтау саласының үздігі» төсбелгісін, балалар дәрігері Серік Нұғымановқа Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасын табыс етті.

Жанат СӘБИТОВ,
Суреттерді түсірген автор.

Құқық қорғау

Жаңа Кодекстегі өзгерістер

2015 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген ҚР Қылмыстық кодексіне құқықбұзушылықтың жаңа құрамдары енгізілді.

Жаңа кодекспен қылмыстық жазаланатын әрекеттің екібуынды жүйесі енгізілді – қылмыстар және қылмыстық әрекеттер.

Жаңа қылмыстық заңнамамен әрекет деп есептелетін көптеген құқықбұзушылықтар қоғамдық қауіптілік дәрежесі бойынша әкімшілік құқықбұзушылық пен қылмыстың тоғысында болады.

Бұлар ұрып-соғу, денсаулығына зиян келтірмейін деп қорқыту, қорлау, ұсақ ұрлық және басқалары.

Бұл құқықбұзушылықтар үшін келесі жазалаулар тағайындалады: айыппұлдар, қоғамдық және түзету жұмыстары. Ең қатаңы – 90 тәулікке дейін қамаққа алу.

Қылмыстық кодекске ҚР ҚК 109 бабымен қарастырылған жаңа түрі «ұрып-соғу» енгізілген. Денеге жарақат салу немесе денені ауыртатын басқа да зорлық қимылдарын жасау, егер денсаулыққа жеңіл зиян келтірмесе, жүз айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұлмен, немесе осы мөлшерде түзету жұмыстарымен, немесе жүз жиырма сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартылумен, немесе қырық бес тәулікке дейін қамаққа алынумен жазаланады.

2015 жылдың басынан бері Айыртау ауданының сот-

тарымен отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында 3 қылмыстық әрекет қаралды. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, барлық қылмыстық әрекеттер тараптардың мәмілеге келуіне және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартуына байланысты тоқтатылды.

Жаңа Қылмыстық кодекс енгізілгенге дейін осы тақылеттес құқықбұзушылық жасағандары үшін тұлғалар Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы Кодексінің 79-1 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеген немесе он тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алынған.

Осы ретте айта кету керек, Қылмыстық кодекстің 109 бабымен қарастырылған қылмыстық әрекетті жасаушыны жауапкершілікке тарту тәртібіне де өзгеріс енгізілген.

Арызданушы өзі сотқа арыз беруі қажет. Шағымда арыз берілетін соттың атауы, қылмыстық құқықбұзушылық оқиғасының суреттемесі, айғақтарды көрсете отырып оның жасалған орны мен уақыты, істі өндіріске қабылдау туралы сотқа өтініш, қылмыстық жауапкершілікке тартылушы тұлға туралы мәлімет, сотқа шақырылатын куәлердің тізімі болуы қажет. Шағымға оны берген пдпм қол қояды. Домалақ арыздар өндіріске қабылданбайды.

Ринат КӨКЕЕВ,
аудан прокурорының аға көмекшісі.